

Құрманғазы ауданының әкімшілік-аумақтық бірлігіне өзгерістер енгізу туралы

Атырау облысы әкімшілігінің 2006 жылғы 12 қазандағы N 245 қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы N 343-III бірлескен шешімі. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2007 жылғы 8 қаңтарда N 2476 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабына сәйкес, Құрманғазы аудандық әкімшілігінің 2006 жылғы 12 маусымдағы N 115 қаулысы мен Құрманғазы аудандық мәслихатының 2006 жылғы 14 шілдедегі N 246-XXIX шешімі негізінде облыстық мәслихат шешім етті және облыс әкімшілігі қаулы етеді:

1. Құрманғазы ауданында Асан ауылдық округі құрылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облысы әкімшілігінің 10.10.2014 № 315 және Атырау облыстық мәслихатының 10.10.2014 № 325-V бірлескен шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

2. Құрманғазы ауданы Азғыр ауылдық округінің шекарасы жалпы ауданы 85000 га (85,0 мың га) аумағы және Құрманғазы ауданы Сүйіндік ауылдық округінің шекарасы жалпы ауданы 64900 га (64,9 мың га) аумағы Асан ауылдық округіне беріле отырып өзгертілсін .

Ескерту. 2- тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облысы әкімшілігінің 10.10.2014 № 315 және Атырау облыстық мәслихатының 10.10.2014 № 325-V бірлескен шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

3. Осы шешім мен қаулы мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Облыс әкімі	
	Облыстық мәслихаттың XXII сессиясының төрағасы
Облыстық мәслихаттың хатшысы	